

Украинаға және Молдова Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 тамыздағы N 756 Қаулысы

Украина мен Молдова Республикасындағы ауқымды су тасқынының салдарынан туындаған қиын экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Украина мен Молдова Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес материалдық құндылықтар мемлекеттік материалдық резервтен броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі:

Украинаға: "Киев - Товарный" станциясына дейін;

Молдова Республикасына: "Кишинэу" станциясына дейін ізгілік көмекті тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен:

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне осы қаулының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтардың құнын өтеуге 29727900 (жиырма тоғыз миллион жеті жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) теңге сомасында қаражат;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Украинаға және Молдова Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін 500000 (бес жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

О с ы қ а р а ж а т м ы н а д а й :

Украинадағы ауқымды су тасқынының салдарын жоюға - 250000 (екі жүз елу мың) А Қ Ш д о л л а р ы н а ;

Молдова Республикасындағы ауқымды су тасқынының салдарын жоюға - 250000 (екі жүз елу мың) АҚШ долларына баламалы сомада бөлінеді деп белгіленсін;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне ізгілік жүкті темір жол көлігімен жеткізуге байланысты шығыстардың құнын өтеу үшін 227282 (екі жүз жиырма жеті мың екі жүз сексен екі) теңге мөлшерінде қаражат бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қаражатты мынадай арнайы банк шотына аударуды қамтамасыз етсін:

"Ministry of Labour and Social Policy of Ukraine, Kyiv (Украинаның Еңбек және

Р/с N	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Шығарылатын материалдық құндылықтардың саны	1 өлшем бірліктің бағасы (теңге)	Сомасы, теңге
1	Залалсыздандыратын сұйықтық Дезэфакт	кг	2550	4776	12178800
2	Залалсыздандыратын құрал Деохлор таблеткасы N 300	кг	459	5850	2685150
Жиыны:					14863950

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК